


Бахтиозина Ф.Г.

Бахтиозина Ф.Г.



2023-2024 оқу жылы

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу бағдарламасы негізінде
2023- 2024 оқу жылына арналған
Қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекетінің перспективалық жоспары**

№	Уақыты	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Күтілетін нәтиже
1	Қыркүйек	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс тыңдауға, айта білуге, ол сөздерді есте сақтауға үйрету. Сөздегі қазақ тіліне тән ә, ө дыбыстарын ойын жаттығуларында дұрыс айтуға дағдыландыру; Сөздік қор: заттардың түсін (қызыл, көк, сары, жасыл), өлшемін (үлкен, кіші) заттардың күйін (таза, кір) атауын меңгерту Тілдің грамматикалық құрылымы: қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету (Бұл кім? Бұл не?); Байланыстырып сөйлеу: қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру; ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіру.	қазақ тіліне тән дыбыстарынды ә, ө дұрыс атайды, айтылған сөзді тыңдайды және түсінеді; заттардың түсін (қызыл, көк, сары, жасыл), өлшемін (үлкен, кіші) заттардың күйін (таза, кір) атауларын атайды.
2	Қазан	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Ана тіліндегі дауысты айтылуы мен дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п, г-ғ, к-қ, ж-ш, з-с, н-ң, р-л дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету. Сөздік қор: ойын мен ойын жаттығулары арқылы сөздік қорын кеңейту; Тілдің грамматикалық құрылымы: Заттар мен әрекеттерді олардың ауызша атауымен сәйкестіндіре алуға үйрету, түрлі әрекеттерді түсіне алуды қалыптастыру. Байланыстырып сөйлеу: шағын тақпақтар мен өлеңдерді жаттау дағдыларын қалыптастыру	ересектердің көмегімен шағын тақпақтар мен өлеңдерді жатқа айтады, мазмұнына өзінің көзқарасын жеткізе алады;

3	Қараша	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: дыбысталып жатқан заттың сипатын ажырата алуды дамыту; Сөздік қор: қоршаған ортаға қатысты әртүрлі сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру; Тілдің грамматикалық құрылымы: қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету; Байланыстырып сөйлеу: өзінің мекен-жайы, тұратын қаласы туралы айтуға үйрету; мақал-мәтелдер айтуға үйрету.	қазақ тіліндегі сөз тіркестерінің мағынасын түсінеді және оларды дұрыс байланыстыра алады; күнделікті өмірде қолданады және оларды дұрыс айта алады; қазақ тіліндегі сөз тіркестерінің мағынасын түсінеді және оларды дұрыс байланыстыра алады;
4	Желтоқсан	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:	қарапайым сұрақтарды түсінеді,

		- мәдениет нышандарын қалыптастыру (амандасу, сәлемдесу) Сөздік қор: заттың атын, санын, сынын, қимылын білдіретін сөздердің мағынасын түсіну және ауызекі тілде қолдануды дағдыландыру; Тілдің грамматикалық құрылымы: қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету; Байланыстырып сөйлеу: Ересектердің сөзін түсінуге, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауға, қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді? және тағы басқа) және неғұрым күрделі (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) сұрақтарға жауап беруге үйрету.	оларға шағын сөйлемдермен жауап береді. заттың атын, санын, сынын, қимылын білдіретін сөздердің мағынасын түсіну және ауызекі тілде қолдануды алады.
5	Қаңтар	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті қазақ тілінде айтылған сөздерді мұқият тыңдауға, дұрыс айта білуге және ол сөздерді есте сақтауға үйрету. Сөз ішіндегі қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру; Сөздік қор: - ойын арқылы сөздік қорды молайту; Тілдің грамматикалық құрылымы: - қазақ тілінде қарапайым ауызекі сөйлеу дағдыларын қалыптастыру (түсіну және сөйлеу); Байланыстырып сөйлеу: -бастапқы қарым-қатынас дағдыларын игеруге жағдай жасау, қарапайым қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру;	қазақ тілінде айтылған сөздерді мұқият тыңдайды, дұрыс айта біледі және ол сөздерді есте сақтайды. Сөз ішіндегі қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын дұрыс айта алады.

6	Ақпан	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: балалардың іс-әрекетінің түрлі нысандары мен түрлерінде ауызша сөйлеуін дамыту; Сөздік қор: дидактикалық және дамытушы ойындар мен жаттығуларды қолдану арқылы сөздік қорын байыту; Тілдің грамматикалық құрылымы: ауызша коммуникацияның лексико-грамматикалық құралдарын белсендендіру және қалыптастыру; Байланыстырып сөйлеу: ауызша байланыстырып сөйлеуді дамыту (диалогтық және монологтық);	Қарапайым сұрақтарды түсінеді, оларға қысқаша әңгіме құрастыра алады.
7	Наурыз	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айта білуге, ол сөздерді қолдана білуге	күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынастарды білдіретін

		үйрету. Сөздегі қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, н, һ дыбыстарын ойын жаттығуларында дұрыс айтуға дағдыландыру; Сөздік қор: күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынастарды білдіретін сөздерді дұрыс айту және мағыналарын түсіну (әке, ана, ата, әже, апа, аға т.б.) апта күндері мен ай атауларын, жыл мезгілдерінің атауларын айту дағдыларын қалыптастыру; Тілдің грамматикалық құрылымы: жай сөйлемдер құрастыруға үйрету; қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету (Бұл кім? Бұл не?); Байланыстырып сөйлеу: шағын қарапайым мазмұнды мәтіндерді, тақпақтар мен өлеңдерді тыңдауға және оларды түсінуге, мазмұндау мен жатқа айтып беруге машықтандыру.	сөздер мен кейбір тұрмыстық заттардың, жемістердің, көкөністердің, жануарлардың, апта күндерінің, айлардың, жыл мезгілдерінің аттарын айтады және түсінеді;
--	--	---	---

8	Сәуір	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Қазақ тіліндегі сөздерді мұқият тыңдауға және дұрыс айтуға, есте сақтауға үйрету. Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ұ, ұ дыбыстарын дұрыс айтуға үйрету. Сөздік қор: заттардың белгілерін (түсі, көлемі), заттармен әрекет етуді білдіретін сөздерді айта білуге баулу. Тілдің грамматикалық құрылымы: "ма, ме" демеулік шылауларын пайдаланып болымды және болымсыз етістік бұйрықтарын дифференциациялау; Байланыстырып сөйлеу: байланыстырып сөйлеудің түрлі бейнелерін және оның белгілерін тани алу икемділігін, әңгімені құрастыру және қайталап айту дағдысын қалыптастыру.	заттардың түсін, көлемін, санын, олармен әрекеттерді білдіретін сөздерді айтады; қарапайым сұрақтарға жауап береді;
9	Мамыр	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Артикуляциялық аппаратты дамыту жұмыстарын жалғастыру. Дауыс күші мен сөйлеу қарқынын дамыту: баяу және жылдам, қатты және ақырын сөйлеуге үйрету. Сөздік қор: заттардың сынын, санын білдіретін сөздерді айта білуге үйрету; Тілдің грамматикалық құрылымы: жай сөйлемдерді түсіне алуды дамыту: "бастауыш+баяндауыш", "бастауыш+толықтауыш+баяндауыш". Байланыстырып сөйлеу:	сөздерді жекеше, көпше түрде қолданады; шағын мәтіндерді, өлеңдерді тыңдайды, түсінеді және жатқа айтады; қазақ тілінде жай сөйлем құрай алады.
		шағын қарапайым мазмұнды мәтіндерді, тақпақтар мен өлеңдерді тыңдауға және оларды түсінуге, мазмұндау мен жатқа айтып беруге машықтандыру.	

